

## 2022 жылғы наурыз көп жылдық рекордтарды жаңартты

Бірінші наурыз күні күнтізбелік көктем келді. Алайда әлі де жылу толқындары суық толқындармен, қармен, боранмен алмастырылып тұрды, бұл әсіресе наурыз айының соңында байқалды.

Айдың басында Жерорта теңізінен келген циклон, республика бойынша жылуды оятты. Осыған байланысты күндізгі уақытта елдің оңтүстік-батысында, атап айтқанда Маңғыстау облысының метеорологиялық станцияларында: Аққұдық, Ақтау, Форт-Шевченкода, ауа температурасының көпжылдық мәндері жаңартылды. Мәселен, 3 наурызда Аққұдық метеостанциясында ауа температурасы  $+24,6^{\circ}\text{C}$  дейін қызды, солайша 2008 жылғы рекордтан ( $+22,2^{\circ}\text{C}$ ) асып түсті. Ал Ақтау метеостанциясында  $+18,4^{\circ}\text{C}$  тіркелді, айта кетсек 2017 жылы бұнда ауа температурасы  $+15,1^{\circ}\text{C}$  белгісіне жеткен еді. Форт-Шевченко метеостанциясында болса, ауа температурасының ең жоғары мәні байқалды, ол –  $+17,5^{\circ}\text{C}$  құрады, 2016 жылғы рекордты ( $+14,5^{\circ}\text{C}$ ) жаңартты.

Айдың екінші онкүндігінде ауа райы тұрақсыз болды, мұнда керісінше республиканың басым бөлігінде суықтың қарқынды толқыны байқалды. Осыған байланысты Қазақстанның солтүстігі мен солтүстік-шығысында екінші онкүндіктің соңында тіркелген ауа температурасының ең төменгі мәндерінің рекордтары жаңартылды. Мысалы, 17 наурызда Благовещенка метеостанциясында (Солтүстік Қазақстан облысы) ең төменгі ауа температурасы –  $-28,7^{\circ}\text{C}$  (1960 жылы  $-27,8^{\circ}\text{C}$ ), Баянауыл метеостанциясында (Павлодар облысы) –  $-24,9^{\circ}\text{C}$  (1988 жылы  $-23,0^{\circ}\text{C}$ ) тіркелді.

Оңтүстік циклондардың шығуымен, еліміздің оңтүстік бөлігінде қатты жауын-шашын орын алды: 6 наурызда Тасарық метеостанциясында (Түркістан облысы) қатты жаңбыр байқалды, айлық норманың жартысы жауды – 45,9 мм (бір айдағы норма бойынша 102 мм), ал 26 наурызда П.Кохажметов метеостанциясында (Түркістан облысы) өте қатты жаңбыр болды – 36,2 мм (норма айына 46 мм).

Наурыздың үшінші онкүндігінде қатты жел, боран, қатты жаңбыр, қар, тұман сияқты қолайсыз ауа райы жағдайлары байқалды. Еліміздің оңтүстігінде, орталығында және солтүстігінде жекелеген күндері желдің екпіні 30-38 м/с дейін жетті.

Айдың соңында болса, республиканың солтүстігінде, солтүстік-шығысында және оңтүстігінде дауылды ауа райы орын алды, елдің көп бөлігінде дауылды ескерту жарияланды. Солтүстік циклонның белсенді әрекетімен және атмосфералық фронтальді бөліктердің шиеленісуімен, жел, бұрқасын, жауын-шашын күшейді. 29 наурызда Есік, Кеген, Шарын метеостанцияларында (Алматы облысы) екпіні 31 м/с-қа дейін жеткен қатты жел, Шымбұлақ метеостанциясында (Алматы облысы) өте қатты қар – 24,2 мм (айына норма 82 мм), Бәйтерек автоматтық метеостанциясында (Нұр-Сұлтан қ.), Ерейментау метеостанциясында (Ақмола облысы), ЦЭС АМС-да (Павлодар облысы) және т.б. боран мен көрінудің 50 м-ге дейін нашарлауымен 31-34 м/с дейінгі дауылды жел байқалды.

Нұр-Сұлтан қаласында ең жоғары ауа температурасы 31 наурыз күні күндіз байқалды, ол  $+4,8^{\circ}\text{C}$  құрады, ал ең төмен ауа температурасы 17 наурыз күні түнде болды, ол  $-19,0^{\circ}\text{C}$  құрады.

### **Аномальный март 2022 года, «побивший» многолетние рекорды**

Первого марта наступила календарная весна, но она не спешила вступать в свои права, в течении месяца не редко волны тепла сменялись волнами холода, снегопадами, метелями, особенно это было заметно в конце марта.

В начале месяца, с выходом циклона со Средиземного моря, практически на всей территории республики была зафиксирована волна тепла, в связи с чем, в дневные часы на юго-западе страны были перекрыты многолетние значения температуры воздуха, а именно на метеорологических станциях Мангистауской области: Аккудук, Актау, Форт-Шевченко. К примеру, 3 марта на метеостанции Аккудук воздух прогрелся до  $+24,6^{\circ}\text{C}$ , тем самым обновился рекорд 2008 года ( $+22,2^{\circ}\text{C}$ ), на метеостанции Актау было зафиксировано  $+18,4^{\circ}\text{C}$ , когда как в 2017 году температура воздуха достигала отметки  $+15,1^{\circ}\text{C}$ , на метеостанции Форт-Шевченко наблюдалась самая высокая температура воздуха  $+17,5^{\circ}\text{C}$ , тем самым был перекрыт рекорд 2016 года ( $+14,5^{\circ}\text{C}$ ).

Погода во второй декаде месяца была неустойчивой, здесь наоборот - отмечалась интенсивная волна холода на большей части республики, в связи с чем, были обновлены рекорды минимальных значений температуры воздуха, которые были зафиксированы в конце второй декады на севере и северо-востоке Казахстана. К примеру, 17 марта на метеостанции Благовещенка (Северо-Казахстанская область) наблюдалась самая низкая температура воздуха  $-28,7^{\circ}\text{C}$  (в 1960 году было  $-27,8^{\circ}\text{C}$ ), на метеостанции Баянаул (Павлодарская область) было зафиксировано  $-24,9^{\circ}\text{C}$ , в результате чего обновился предыдущий рекорд, который составлял  $-23,0^{\circ}\text{C}$  в 1988 году.

С выходами южных циклонов, в южной части страны, прошли сильные осадки: 6 марта на метеостанции Тасарык (Туркестанская область) отмечался очень сильный дождь, выпало половина месячной нормы – 45,9 мм (при норме за месяц 102 мм), 26 марта на метеостанции П.Кохажметова (Туркестанская область) отмечался очень сильный дождь - 36,2 мм (при норме за месяц 46 мм).

В третьей декаде марта наблюдались неблагоприятные погодные условия, такие как сильный ветер, метель, сильный дождь, сильный снег, сильный туман. На юге, в центре и на севере страны в отдельные дни порывы ветра достигали **30-38 м/с**.

В конце месяца на севере, северо-востоке и на юге республики отмечалась штормовая погода, было объявлено штормовое предупреждение на большей части страны. С активной деятельностью Северного циклона и обострением атмосферных фронтальных разделов, наблюдались усиление ветра, метель, прошли осадки, местами сильные. 29 марта на метеостанциях Есик, Кеген, Шарын (Алматинская область) отмечался очень сильный ветер с порывами до

31 м/с, на метеостанции Шымбулак (Алматинская область) отмечался очень сильный снег, выпало 24,2 мм (при норме за месяц 82 мм), на автоматической метеостанции (АМС) Байтерек (г. Нур-Султан), метеостанции Ерейментау (Акмолинская область), АМС ЦЭС (Павлодарская область) и др. наблюдался ураганный ветер 31 - 34 м/с с метелью и ухудшением видимости до 50 м.

В г. Нур-Султан самая высокая температура воздуха отмечалась днем 31 марта и составила +4,8°С, а самая низкая температура воздуха ночью была 17 марта и составила -19,0°С. Осадков выпало 31 мм (при норме за месяц 18 мм).